# Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 ақпан N 165. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.08. N 523 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. алынып тасталды

Ескерту. 1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.01.21. N 62 қаулысымен.

2. Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі міндетінен босатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 қарашадағы N 1661 қаулысына:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрі" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1566 қаулысына:

1-тармақ алынып тасталсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК